АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ
КОМИССИЯСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ПОСТОЯННОЙ КОМИССИИ
ШАЛКАРСКОГО РАЙОННОГО
МАСЛИХАТА

031200, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы,
Әйтеке би көшесі, 47А
тел.: 8 (71335) 21-2-99

031200, Актюбинская область, Шалкарский район,
улица Айтеке би, 47А
тел.: 8 (71335) 21-2-99

«25» қыркүйек 2026 ж. № 7 «25» сентября 2026 г.

Шалқар ауданының Шалқар қаласы мен ауылдық округтердегі әлеуметтік нысандардың қысқы жылу маусымына дайындығы жөнінде және жолдардың жағдайы туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 14 бабының 3 тармағына сәйкес, тұрақты комиссия **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданының Шалқар қаласы мен ауылдық округтердегі әлеуметтік нысандардың қысқы жылу маусымына дайындығы жөнінде және жолдардың жағдайы туралы, «Шалқар аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.Мұраттың баяндамасы назарға алынсын.

2. «Шалқар аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы (Ә.Мұратқа);

- ауданда 2026-2027 жылдарға күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу;
- жолдарды күтіп ұстаумен, ағымдағы жөндеу кезінде сапасын бақылау;
- жыл аяғына дейін жоспарда тұрған барлық жолдардың толығымен аяқтау жұмыстарын қамтамасыз ету ұсынылсын.

Шалқар аудандық мәслихатының бюджет, экономика және кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы **С.Жоламанов**